

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКСПОРТЕРОВ МОЖНО СГРУППИРОВАТЬ В НЕСКОЛЬКО БЛОКОВ. ОДИН ИЗ НИХ — ЭТО ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ. ЕСТЬ ПРОБЛЕМЫ С СОГЛАСОВАНИЕМ ОБЪЕМОВ ПЛАНОВЫХ ОТГРУЗОК И ОБЕСПЕЧЕНИЕМ СВОБОДНОГО ДОСТУПА. ДЛЯ РЕШЕНИЯ ЭТИХ ВОПРОСОВ МЫ ДОГОВОРИЛИСЬ С ҚТЖ О ПРЕДВАРИТЕЛЬНОМ ФОРМИРОВАНИИ ПЛАНОВ. ПРОБЛЕМЫ ВОЗНИКАЮТ НЕ ТОЛЬКО СО СТОРОНЫ ПЕРЕВОЗЧИКА, НО И ИЗ-ЗА НЕСОГЛАСОВАННОСТИ ДЕЙСТВИЙ ЭКСПОРТЕРОВ. АО «QAZTRADE» ПОДГОТОВИЛО АНАЛИТИКУ ПО ГРУЗАМ И СЕЗОННОСТИ ПЕРЕВОЗОК, ЧТОБЫ ОБЕСПЕЧИТЬ РАВНОМЕРНЫЕ ПОСТАВКИ В ТЕЧЕНИЕ ГОДА.

Арман ШАККАЛИЕВ,
министр торговли и интеграции РК



№59 (2989)
19/07/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҮКІМЕТТЕ АСТЫҚ ЭКСПОРТЫ СӨЗ БОЛДЫ

Үкіметте вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен кеңес өтті. Жиында өткен жылғы астық қалдықтарын өткізу жолдары талқыланып, экспортқа жөнелтуді жеделдету жайы сөз болды. 2023 жылы Қазақстаннан Қытайға теміржол арқылы астық жеткізу көлемі рекордтық көрсеткішті құрап, 2,2 млн тоннаға жетті. Бұл – өткен жылғы наурыздан бастап Үкімет, ҚТЖ және салалық қауымдастықтардың бірлесе атқарған іс-әрекетінің нәтижесі.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Аталған жиынға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров қатысып, Қытайға астықты тасымалдаудың 2024 жылға арналған жоспарын және бірінші жартыжылдықтағы жөнелту нәтижелерін ұсынды. ҚТЖ өкілі берген мәлімет бойынша темір жол арқылы 757 мың тонна астық жөнелтіліп, екінші жартыжылдыққа арналған жоспар 1,25 млн тоннаны құрайды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жөнелтушілер арасында пойыздарды біркелкі бөлу кезінде Қытайға экспортқа 2 млн тоннадан астам астық жіберуге дайын.

Қазіргі уақытта Қазақстанда астық сақтауға арналған қоймалар сыйымдылығының жалпы көлемі шамамен 30 млн тоннаны құрайды, оның 13,4 млн тоннасы 191 лицензияланған астық қаблдау кәсіпорнына, ал 16,6 млн тоннасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің астық қоймасына тиесілі. Мұндай сыйымдылық ауқымы орташа жылдық өнім көлемін және ауыспалы астық қорын сақтау үшін жеткілікті.

Биылғы 1 шілдедегі деректер бойынша Қа-



зақстанда астық қоры 6,1 млн тоннаны құрайды, оның 4,5 млн тоннасы – азықтық, 1,4 млн тоннасы – жемдік астық. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов ауа райының қолайлы жағдайы мен егіннің қазіргі жай-күйі өнім жинау көлемін орташа көрсеткіштерден жоғары болжауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Астық қоймаларында осындай үлкен ауыспалы қалдықтар болған жағдайда әкімдіктерге қазіргі

өзінде жаңа астықты қабылдау және кептіру қуаттылығы бойынша барлық ұйымдастыру шараларын пысықтау қажет, астық қолайсыз ауа райы жағдайында далада дымқыл болып қалмауы тиіс», – деп атап өтті вице-министр.

Жиында вице-премьер Серік Жұманғарин қытай тарапымен астықты автомобиль көлігімен жөнелту мүмкіндігін де талқылауды ұсынды.

Sypem primeminister.kz сайтынан

СТАНЦИИ ЖДҮТ ОБНОВЛЕНИЕ



Свыше 180 железнодорожных станций модернизируют в Казахстане до 2030 года.

В ҚТЖ реализуется Программа повышения пропускной способности существующей железнодорожной инфраструктуры.

С учетом динамики роста потребности в пассажирских и грузовых перевозках, увеличения транзитного грузопотока наряду со строительством новых участков железных дорог планируется развитие пропускной и перерабатывающей способности более 180 железнодорожных станций.

В рамках данных работ будут построены дополнительные развязки, приемоотправочные пути и диспетчерские съезды, удлинены существующие и восстановлены ранее демонтированные пути.

Напомним, что в течение трех лет построят железнодорожные линии на участках Достык – Мойынты, Бахты – Аягыз, Дарбаза – Мактаарал и обводную вокруг Алматы общей протяженностью 1 334 километра. Также принимаются меры по развитию однопутных участков: Жезказган – Жарык, Казалы – Арыс, Алматы – Алтынколь, Аксу – Жана-Семей, Кандыагаш – Тобол.

С начала 2024 года начаты работы по согласованию и оформлению дополнительных площадей земельных участков, получению соответствующих разрешений на проведение проектно-изыскательских работ, заключений уполномоченных органов (архитектурно-планировочные задания, экологические экспертизы, авиационные разрешения, водно-бассейновые инспекции и др.). Для сокращения сроков и уменьшения стоимости разработки ПСД в компании создали группу по проектированию с привлечением квалифицированных проектировщиков.

Мариям ИСЛЯМ

Конференция

ЕСТЬ ВОПРОС, ЕСТЬ ОТВЕТ

В городе Экибастузе прошла II конференция специалистов вагонного хозяйства.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В мероприятии приняли участие более 80 представителей из 35 компаний операторов и собственников вагонного парка Республики Казахстан, а также руководители и специалисты АО «НК «ҚТЖ» и его дочерних организаций, представители различных ассоциаций и заводов-изготовителей железнодорожной продукции.

С приветственным словом перед участниками конференции выступил директор департамента безопасности АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакевов.

Далее с докладами выступили исполнительный директор – директор департамента вагонного хозяйства ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Кайраткен Ныгметов, директор технического центра АО «НК «ҚТЖ» Азамат Жангельды, генеральный директор ОЮЛ «Казакстанская ассоциация



перевозчиков и операторов вагонов» Салтанат Адамбаева, генеральный директор ТОО «Казакстанская вагоностроительная компания» Мейрам Жумабаев, генеральный директор ТОО «Инспекторский центр на железнодорожном транспорте», генеральный директор ОЮЛ «Казакстанская ассоциация вагоноремонтных предприятий» Сакен Тулебаев.

Так, в ходе выступления Кайраткен Ныгметов представил анализ по ремонту и эксплуатации грузовых вагонов. По его словам, необходимо уделять больше внимания на

качество техобслуживания и ремонта грузовых вагонов. К примеру, собственники вагонов проводят их ремонт в Узбекистане. Но в погоне за более низкой ценой ухудшается и качество ремонта грузовых вагонов. Ведь они не проходят полный цикл ремонта, а это значит, что не обеспечивается надлежащее состояние вагонов, не улучшается их надежность и безопасность.

В качестве решения данного вопроса ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» запустило пилотный проект – техно-

логию подготовки грузовых вагонов в рейс.

– Мы планируем создать 12 пунктов подготовки грузовых вагонов в рейс. Сегодня в пилотном режиме открыты пять. Таким образом, наши работники полностью готовят вагон в рейс, чтобы он мог доехать до места погрузки и вернуться обратно без отцепки от поезда, не нарушая целостность состава, – отметил Кайраткен Ныгметов.

В ходе конференции участники смогли также обсудить ряд других проблемных вопросов вагонного хозяйства. По их мнению, мероприятие поспособствовало открытому диалогу между собственниками вагонов, ремонтными предприятиями, структурными подразделениями АО «НК «ҚТЖ» и другими организациями.

После официальной части для участников конференции были организованы экскурсии по заводу ТОО «Казакстанская вагоностроительная компания», заводу ТОО «Проммашкомплект», а также посещение смотровой площадки угольного разреза «Богатырь».

Фото автора

ТРАНЗИТ ВЬЮС В ДЕСЯТЬ РАЗ

Транзит из КНР за первое полугодие 2024 года по маршруту ТМТМ увеличился в 10 раз и составил 10 тысяч ДФЭ. Рост стал возможным благодаря открытию казахстанско-китайского терминала в г. Сиане (109 контейнерных поездов отправлено из КНР по ТМТМ).

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Новый казахстанско-китайский терминал в Сиане (КНР) со дня своего запуска показывает значительные результаты. Напомним, в феврале текущего года Президент Касым-Жомарт Токаев в формате телемоста принял участие в церемонии его открытия. Отметив важность создания центра для отрасли и в целом для казахстанско-китайских отношений, Глава государства дал старт работе объекта.

Данному событию предшествовала договоренность лидеров Казахстана

и Китая о строительстве в сухом порту Сианя логистического центра, который соединит китайский город Шэньси с Казахстаном, Центральной Азией и далее с Европой.

В целом железнодорожные грузоперевозки между Казахстаном и Китаем демонстрируют ежегодный рост. За пять месяцев текущего года перевозки по китайскому направлению увеличились на 12,4%, достигнув 12,8 миллиона тонн. В том числе экспорт казахстанских грузов в направлении КНР вырос на один миллион тонн, до 5,7 миллиона тонн.

И совместный проект – казахстанско-китайский терминал в сухом порту

г. Сианя, который консолидирует до 40% всех контейнерных поездов, идущих в направлении Казахстана, играет огромную роль в наращивании объемов грузов.

При этом терминал возведен за довольно короткий срок: в мае 2023 года состоялся запуск строительства, в декабре того же года начата тестовая эксплуатация, а в феврале 2024 года – его официальный старт.

Логистический центр Казахстана в Сиане – это очередной результат плодотворного сотрудничества и взаимодействия между Республикой Казахстан и Китаем, направленного на дальнейшее выстраивание логистических связей между двумя странами.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ АРТАДЫ



Қазақстанда магистральдық желіні сауықтыру – өзекті мәселе. 2029 жылға дейін 11 мың км теміржол жөндеуден өтеді. Бұл туралы Мемлекет басшысының арнайы пәрмені бар. Өткен жылы ҚТЖ желісі бойынша 1443 км жол жөнделіп, рекордтық көрсеткіш орнады. Ал биыл 1401 км жолды жөндеуден өткізу жоспарланған.

Бұл туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы жол және құрылыс департаменті директорының орынбасары Берік Биятов «Магистраль» сарапшылар алаңында берген сұхбатында баяндады.

«Теміржол инфрақұрылымын тасымал тиімділігін арттыру факторы ретінде жаңғырту» тақырыбында берген сұхбатында ол 2023 жылы тасымал көлемі 464, 5 млрд тонна км/брутто болғанын, бұл фактор тікелей жол инфрақұрылымының тозуына әсер ететінін айтты. Себебі бұл тәуелсіздік тарихындағы рекордтық көрсеткіш, айтарлықтай ауқымды жүк айналымы. Осыған орай жол жөндеу жұмыстарының да көлемі өсіп, инфрақұрылым жаңғыртылып, түрлі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Компанияның басты міндеті – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл – біз үшін ең негізгі фактор. Сондықтан біз жолды жөндеу, сауықтыру жұмыстарына айрықша мән береміз. 2024 жылға жоспарланған 1401 км жөндеу жұмыстарының 570 шақырымы – күрделі жөндеу. Биыл бірінші жартыжылдықта бұл осы көлемнің 41 пайызын орындадық. Қалғаны жыл соңына дейін аяқталады. Жазғы жөндеу жұмыстары өңірлерге байланысты әртүрлі. Оңтүстік өңірлерде ақпанда басталып, желтоқсанға дейін жалғаса береді. Ал жалпы Қазақстанда барлық жөндеу жұмыстары наурызда басталып, қарашада аяқталады, – дейді спикер.

Оның айтуынша, жөндеу жұмыстарының көлемі жыл санап арта беретін болады. Мәселен, келесі жылы 1480 км жолды жөндеу көзделіп отырса, бұл көрсеткіш 2028 жылы 1760 км болады. Жөндеу жұмыстарының біразы шаруашылық жолымен, жартысы мердігер мекемелер күшімен жүргізіледі.

Райхан РАХМЕТОВА

ТҮРКІСТАН ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ АТАНҒАН СОҢ, МҮНДА ПОЙИЗДАРДЫҢ КЕЛІП-КЕТУІ ЖИЛЕДІ. АЙТАЛЫҚ, БІЗДІҢ ТҮРКІСТАН СТАНЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТӘУЛІКТІК ЖОЛАУШЫ АҒЫНЫ БҰРЫН – 100-120 АДАМ БОЛСА, ҚАЗІРГІ КӨРСЕТКІШ 350-400-ГЕ ДЕЙІН КӨТЕРІЛДІ. ОСЫЛАЙША, ТҮРКІСТАН ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ҒАНА ЕМЕС, ТҮГЕЛ ТҮРКІНІҢ АСТАНАСЫ РЕТІНДЕ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ...

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЭКСПОРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ
КАЗАХСТАНА ДОЛЖЕН
ДОСТИЧЬ

45 млрд
долларов

В 2029 ГОДУ.

ЗА ИЮНЬ 2024 ГОДА ЭЛЕКТРО-
ПОЕЗДАМИ НАЦИОНАЛЬНОГО
ПЕРЕВОЗЧИКА ПЕРЕВЕЗЕНО

49 тысяч

ЧЕЛОВЕК В НАПРАВЛЕНИИ
СТАНЦИИ КУРОРТ-БОРОВОЕ.


С НАЧАЛА ГОДА СПЕЦИАЛИСТЫ
МЕДИЦИНСКОГО ПОЕЗДА
«САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН»
ОСМОТРЕЛИ

23 866

ЧЕЛОВЕК.

ТӘЖІРИБЕ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Ақтөбе станциясында жолаушылар пойызындағы өрт сөндірілді. Иіс тиген жолаушыға көмек көрсетілді. Осылайша, теміржолшылар өртке қарсы оқу-жаттығуды сценарий бойынша мүлтіксіз орындап шықты.



Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты №39 өрт сөндіру пойызы станцияда оқу-жаттығу шарасын өткізді. Оған жол дистанциясы, ТЖД қызметкерлері қатысты. Сценарий бойынша жүріп келе жатқан жолаушылар пойызында тіркелген өртті сөндіру керек. «Өрт тұтанып келген жолаушылар пойызын сөндіру бойынша жұмыс жүргізіліп, шынайы оқиға болған жағдайда әрекет ету тәжірибесі пысықталды. Оқиға кезінде міндеттерді бөлу тиянақталды», – деді қарауыл бөлімшесінің бастығы Жаңбырбай Әбдігазиев. Қарауыл бастығының айтуынша, алдын алу жұмыстары тұрақты өтеді. Бұл өте қажет әрі маңызды. Сценарий бойынша жанып жатқан вагон ішінде бір жолаушы иіс тиіп, зардап шекті. Өрт сөндірушілер мен ТЖД қызметкерлері алдымен жолаушыны шығарып, алғашқы медициналық көмек көрсетті, кейін медициналық қызметкерлер қолына тапсырды. Әрі қарай өрт сөндіру пойызы іске қосылды. Көбік беру арқылы өрт сөндіріліп, су шашып, вагонды салқындату жұмысы жасалды. Биыл жаз ыстық болуына байланысты өрт қаупі де жоғары. Сондықтан өрт сөндірушілер де сақадай сай отыр. Ақтөбе аймағында 5 өрт сөндіру пойызы бар. Олардың әрқайсысында 16-17 өрт сөндіруші бар. Сонымен қатар Тассай станциясында бір өрт сөндіру бекеті жұмыс істеп тұр.

Суретті түсірген автор

ЖАҢАДАН САЛЫНАДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау




ҚАУІПСІЗДІК

Биыл Маңғыстау темір жолы бойынша 168 шақырымға мал өтпес үшін қоршау салынады. Оның ішінде 50 км ПЧ-12 Бейнеуге, 118 км ПЧ-13 Маңғыстау жол дистанциясына тиесілі.

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің жетекші инженері Ерлан Аманжоловтың берген мәліметіне сәйкес қоршау жұмыстары үшін 51,050 тонна тікенек сым алынып, жол шегіне тартылады. Бүгінге дейін соның 29 тоннасы келіп, құрылысқа қолданылуда. Өткен жарты жылдың ішінде 43,4 км жол бойы қоршалған. – Яғни Бейнеу жол дистанциясында Тұрш-Сорша бекеттерінің аралығы мен №2-№3, Теректі-Сам бекеттерінің аралықтары қоршалды. Маңғыстау жол дистанциясы бойынша жоспарланған 118 км қоршаудың қазірге дейін 39,4 км орнатылды. Шетпе ст.-№14 бекет, №15-№16 бекет, №16-Тамақ бекеттерінің арасындағы қажет жерлерге жаңадан осындай тікенек сымды қоршаулар тұрғызылды, – дейді жетекші маман. Сонымен қатар бұрынғы қоршаулардың бұзылған, сынған жерлерін жөндеу бойынша да жұмыстар жасалуда екен. Биыл 694 км жердің қоршауын қайта қалыпқа келтіру жоспарланған. Алты айда 140 км орындалған. Оның ішінде Бейнеу теміржолында 20 км, Маңғыстау дистанциясы аумағында 120 км ескі қоршаулардың үзілген, бүлінген жерлері ретке келтірілген.

БАРЛЫҚ СЫН-ТЕГЕУРІНГЕ ТӨТЕП БЕРДІК



СҰХБАТ

Биыл бірнеше аймақта, соның ішінде Атырау облысында да ғаламат су тасқыны болып, Жем, Жайық өзендерінің тасуынан біраз елді мекендерді, егіндік, жайылымдық жерлерді, тас жолдарды су шайып кетті. Бірақ темір жол қауіптен аман болып, соның арқасында тасқынға қарсы жұмыстар қарқынды жүрді. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі директорының логистика бойынша орынбасары Бекәділ Сауровпен кешегі-бүгінгі төтенше жағдай төңірегінде әңгіме өрбіттік.



Қосыйм МҰҚАШЕВ,
Атырау

– Бекәділ Бауыржанұлы, су тасқыны орын алып, елде төтенше жағдай орнаған кезде өңір теміржолшыларының жұдырықтай жұмылып әрекет еткенін білеміз. Құдайға шүкір, қазір су деңгейі қайтты. Дегенмен, сол кезде нақты қандай жұмыстар жасалды?
– Иә, биылғы су тасқыны жергілікті халықты әбiгерге салғаны рас. Құлсарыда біраз үйлер суға кетті, адам шығыны да болды. Аймақта төтенше жағдай жарияланды. Бүгінгі күні су тасқыны қауіп сейіліп, су деңгейі түсті. Бірақ төтенше жағдай әлі алынған жоқ. Себебі әлі де су қайтпаған жерлер, толық қалпына келмеген, су шайып зақымданған автожолдар бар. Қазірдің өзінде Жайық өзені деңгейінің шектік өткізгіштігі 550 см, ал су деңгейі 557 см көрсетуде. Қауіп деңгейі сейілгенмен, штаб жағдайды бақылауда ұстауда. Сол бір қиын-қыстау кезде жергілікті тұрғындар, әскерилер, төтенше жағдай қызметкерлері, теміржолшылар жабылып Атырау қаласын су тасқынынан алып қалды. Алайда, Жем өзенінің деңгейі көтерілуі салдарынан Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында Құрсай өзегі арнасынан асып, су тасқыны орын алды. Салдарынан көп үй суға кетіп, Атырау-Құлсары аралық автожол жабылды. Соған сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұйымдастыруымен 5 сәуірден бастап Атырау-Құлсары-Атырау, Құлсары-Маңғыстау-Құлсары қосымша 5 жолаушылар вагонынан тұратын ақысыз пойыз ұйымдастырылып,

Жылыой ауданының 6 517 тұрғыны Атырау, Мақат, Бейнеу, Маңғыстау өңіріне жеткізіліп, қауіпсіз аймақтарға шығарылды. Қосымша жолаушылар пойыздарымен ақысыз 900 жергілікті тұрғын тасымалданды. Жалпы 7 417 адам қауіпсіз аймақтарға теміржол көлігі арқылы шығарылды. Құлсары қаласына су тасқыны залалын жою мақсатында 5 623 ерікті біздің күшімізбен жеткізілді. Сол кезде барлығы 13 040 адам ақысыз тасымалданды.
– Автожолдар жабылғасын, негізгі күш теміржолшыларға түсті дейсіз ғой?
– Әрине, атыраулық теміржолшылар ел басына күн туған шақта төтенше жағдайда жұмыс істеді. Атырау, Мақат станцияларында «Біргеміз» бекеттері ашылып, Құлсары қаласына зардап шеккен тұрғындарға әлеуметтік көмек ретінде 14 вагон азық-түлік, құрал-сайман ақысыз тасымалданып, жеткізілді. Бөлімшеге қарасты станциялар арқылы басқа өңірлерден келген 20 вагон әлеуметтік көмек – азық-түлік, құрал-жабдықтар, т.б. жүктер түсіріліп-таратылды. Жайық өзенінің жағаларын бекіту жұмыстарына да теміржолшылар белсене атсалысты. Төтенше жағдай штабының Атырау жол бөлімшесіне бекітіп берген Қызыл балық, Құрманғазы ауылдарының жанындағы 3600 метр жағажай бөгеттерін және пойыз өтетін темір жол көпірлерін бекіту жұмыстарын өз күшімізбен жүргіздік. Күніне 100 адамнан бөлініп, 13 техника жұмыс істеп тұрды. Сонымен қатар Атырау-Құлсары аралық автожолды қайта ашу үшін 80 вагон қиыршық тас, топырақ

Құлсары қаласына жеткізіліп, уақытылы түсірілді. Нәтижесінде автокөлік жолы уақытынан бұрын ашылды.
– Басқа өңірлерден көмекке қыруар техника да теміржол арқылы платформаларға тиеліп жеткізілді емес пе?
– ҚТЖ компаниясының ұйымдастыруымен Шымкент, Ақтөбе, Отырар, Маңғыстау, Талас, Шиелі, Бадам, Жарық, Бадам станцияларынан жөнелтілген техникалар көмекке келді. Атырау станциясына 335 вагон (1 жабдық вагон, 47 жолаушылар вагоны, 287 жабдық вагон) келіп, 1794 әскер, 393 жүргізуші, 375 әртүрлі әскери және азаматтық техника келіп түсірілді. Тасқынға қарсы жұмыстар аяқтала келе барлығы 288 вагон (56 жолаушылар вагоны, 2 жабдық, 230 жабдық вагон) кері тиеліп жіберілді. Атырау станциясынан 282 вагонға 111 жүргізуші, 1886 әскери адам, 302 техника тиелді. Ал Құлсарыдан 6 вагон тиеліп жіберілді. Жүктерді түсіріп және тиелу кезінде күніне 40 теміржол және төтенше жағдай қызметкерлері жұмысқа тартылып, жүкті тиеу-түсіру тәулік бойы үздіксіз атқарылып, жеке бастық қауіпсіздігін және қозғалыс қауіпсіздігін сақтай отырып жөнелтілген жүктер тиісті өлкегерге жеткізілді. Соның бөрінің логистикасын үйлестіріп, біз де демалыс дегенді ұмытып, тәулік бойы жұмыс істедік. Есесіне теміржолшылар қандай сын-тегеуіңге де төтеп бере алатынын тағы да ісімен дәлелдеп, халықтың алғысына ие болды.
– Бәрекелді! Еңбектеріңіз дәйім жемісті болсын!

Суретті түсірген автор

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОР КӨЗҚАРАС



ЭКОЛОГИЯ

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде экологиялық қауіп-қатердің алдын алу бағытындағы шаралар жоспарға сай жүргізілуде. Бүгінге дейін атқарылған жұмыстар нәтижесіз емес.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Көктемде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жариялаған «Жасыл істер марафоны» айлығында Жамбыл бөлімшесі бойынша станциялар аумағындағы жолдар бойын тазарту барысында көлемі 750 м³ тұрмыстық қатты заттар қалдығын шығарды. Жиналған қалдықтарды кәдеге жарату үшін жүк көліктеріне тиіп полигонға жіберілді.
– Экологиялық акцияда бөлімшеге қарасты мекемелердің ауласына сирень, алма, қара өрік талдары мен гүлдер отырғызылды. Республикалық марафон қорытындысы бойынша біздің Жамбыл бөлімшесі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды Маңғыстау бөлімшесі, үшінші орынды Алматы



қалалық филиалы иеленді. Ал «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарында денсаулықты қорғау, еңбек қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өткізілген олимпиаданың облы-

стық кезеңінде біздің бөлімше қызметкері Гүлдана Хусаинова ең үздік көрсеткішпен бірінші орыннан көрінді, – дейді Жамбыл ЖТ бөлімшесінің қоршаған ортаны қорғау инженері Мерей Беделбай.
Маусым айында Семей қаласында өткен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған семинарда Жамбыл филиалының экологиялық шараларға жауапты мамандары өз тәжірибелерімен бөлісіп қайтыпты. Жиында инженер Мерей Беделбай «Қауіпті анықтау және қоршаған орта аспектілері стандартының талаптарын түсіндіру» тақырыбында баяндама жасаған.
Бөлімшеде қалдықтардың қайта өңделетін түрлерін жинап-өткізу мақсатында «Яруллин Н.Ф.» жеке кәсіпкерлігімен 2024 жылға келісім-шарт ұзартылған. Быылдың өзінде 701 килограмм макулатура жиналып, оны мамандандырылған кәсіпорындарға тегін және ақшлы негізде кәдеге жарату үшін жіберілген. Сондай-ақ 20,858 тонна металл шынықтары өткізіліпті. Өткен жылы 15,107 тонна темір шынықтары тапсырылған. Биылғы 6 айда 1139 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылған.

Суретті түсірген автор

ШАҒЫР ШАҒЫН ДЕСЕК ТЕ...



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Арыс қаласынан 35 шақырым қашықта орналасқан екінші класты Шағыр станциясы шағын болса да көтерер жүгі қомақты. Бір ғана кірме жолы бар станция Қазақстанмен ғана шектелмей, халықаралық бағытта да қызмет көрсетеді.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Бұл күнде транзиттік бағыттағы Ресейдің шикі мұнайы осы жерге дейін құбырмен келіп, Шағырдағы эстакада арқылы цистернаға құйылады да, Өзбекстандағы Ферғана мұнай өңдеу зауытына жеткізіледі.
Қазіргі кезде онда 5 станция кезекшісі мен 1 тауар касирі, 1 жүк қабылдап-тапсырушы және станция бастығы – барлығы сегіз адам еңбек етеді. Станцияның бастығы Бақытжан Қарынтаевтың айтуынша, осы құраммен-ақ бас-аяғы 9-10 сағатта 40 цистернаға транзиттік мұнайды тиіп, қржатын кедендік

рәсімдеуден өткізіп, жолға салып үлгереді. Ал жыл басынан бері станция ұжымы 161 242 тонна немесе 2 603 вагон цистернаға мұнай тиіп, жөнелткен.
– 40 цистерна дегеніміз орта есеппен 2 400-2 700 тонна мұнай. Мұнай тиеуге тапсырыс беріп отырған компания алдағы уақытта ауысымдық әдіспен, вахталық режимде жұмыс жүргізетінін айтып, мұнай тиеу мен жөнелту жұмыстарын екі есеге көбейту көзделіп отырғанын жеткізіп отыр. Ондай жағдайда бізге дербес маневрлік тепловоз бен қосымша күш керек болуы мүмкін, сонда тәулігіне 80 цистернаны толтырып, аттандыруға шамамыз

келеді, – дейді тірлікті тастай қып ұйымдастырып отырған станция бастығы Бақытжан Арапбайұлы.
Иә, Шағыр шағын десек те, 2 класты деген дардай аты бар станция. Сондықтан онда дербес маневрлік тепловоздың болмауы кәдімгідей қолбайлау. Ал станцияда маневрлік жұмыс аз емес. Қайсы бір жылы Шағырға бекітілген маневрлік локомотив санатта болмағандықтан, штатта тұрған екі пойыз құрастырушы да қысқартылып, Арыс станциясына қосып жіберілді. Соның салдарынан қазіргі кезде күн сайын алдын ала хат жазып, тапсырыс беру арқылы пойыз құрастырушыларды Арыс немесе Сарыағаш станциясынан



сұрап, шақыруға мәжбүр. Ал жұмысшылар таңертең келіп, арнайы кесте бойынша түнгі онға дейін жұмыс істеп, кері қайтады.
– Бұл мәселені біз басылылықтың алдында талайдан бері көтеріп келеміз. Осы жылдың жартыжылдықтағы қорытындысына қарап, мәселені шешуге тырысамыз деп уәде етілген. Соның оң шешімін тағатсыздана күтіп жүрміз, – дейді станция бастығы.
Айта кетерлігі сол, оңтүстікте мұнай тиеуге арналып жабдықталған мұндай станциялар

санаулы ғана. Тіпті, жоқтың қасы десе де болады. Оған қоса, осы күндері 25 мың тонна мұнай тиеуге тапсырыс беріп отырған компания алдағы уақытта мұнай тиеу мен жөнелту жұмыстарын екі есеге көбейту көзделіп отырғанын жеткізіп, арнайы хат жолдапты. Демек, жоба іске асқан жағдайда Шағыр станциясынан тиелетін мұнай көлемі тәулігіне 50 мың тоннаға дейін ұлғаяды деген сөз.
Жалпы, бүгінгі таңда Шағыр ауылында 150-ден астам үй мен мыңға жуық тұрғын бар. Станция

елді мекеннің ортасында орналасқандықтан, жүргілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету өте өзекті. Сондықтан да бұл мәселе ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Теміржолшылар мүдделі мекемелердің мамандарымен біріге отырып, ұдайы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жергілікті халықпен жиі кездесу ұйымдастырып тұрады. Оған қоса, ауылдың екі жағына қатынауды жеңілдету мақсатында арнайы рұқсат етілген өткел салынған. Тіпті сол өткелмен қауіпсіз өтуді ұйымдастыру үшін жылжымалы құрамдардың арасын ашып, өткелді бос ұстауға басымдық беріледі.
– Мұның бәрі де жергілікті азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар, – дейді станция бастығы.
Станция ұжымы жұмыс күшінің аздығына қарамай, қауіпті аймақтағы қоршаулардың бүтіндігіне де бас-көз болып, бүгінде бір-екеуі әлгі қоршау-қораларды жөндеп-түзеуге жұмылдырылыпты. Бұл жолшылар атқаруы тиіс шаруа десек те, түрлі келенсіздіктің алдын алу үшін станциялықтардың да назарындағы жұмыс көрінеді.

Суретті түсірген автор

ВЕКТОР РАЗВИТИЯ СТРАНЫ



АКТУАЛЬНО

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В планах национального проекта «Сильные регионы – драйвер развития страны» запланировано развитие железнодорожных участков Карагандинского региона – Балхаш – Саяк, станций Мойынты, Балхаш-1, а также строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты.

По словам начальника станции Мойынты Рамазана Бугенова, на сегодняшний день на участке Мойынты – Балхаш план объема земляных работ выполнен на 100%, укладка рельсопальной решетки на 94%, а укладка балласта шебнем – на 72%. На участке Балхаш – Саяк объем земляных работ выполнен на 96%, укладка рельсопальной решетки – на 82% и укладка балласта шебнем – на 12%.

– Из-за увеличения поездопотока, вагонопотока на участке Мойынты – Саяк возникла потребность в удлинении семи приемоотправочных путей. Это связано с тем, что на станции Балхаш-1 наблюдается недостаточное путевое развитие для приема, отправления, скрещения двояных контейнерных и грузовых поездов. К примеру, составы принимаются на приемоотправочных путях, имеющих условную длину пути от 57 до 61 метра, что приводит к отцепке хвостовой части поездов в случае прибытия и отправления транзитных поездов, – рассказывает он. – На основании вышеизложенных фактов необходимо удлинение приемоотправочных путей от 200 до 700 метров. Это значительно сэкономит время при проведении маневровых работ по

В рамках приоритетных правительственных задач, обозначенных Президентом Касым-Жомартом Токаевым, особый упор сделан на строительство вторых путей, которые увеличат пропускную способность участков в пять раз.



прицепке и отцепке вагонов к транзитным поездам и увеличит пропускную способность станции. Ко всему прочему существенно сократятся локомотиво-часы, уменьшится простой транзитного вагона без переработки, а еще заметно увеличится возможность организации приема и отправления длиннооставных, в том числе двояных контейнерных поездов четного и нечетного направления, сократится время простоя составов на путях станции, значительно улучшится пропускная и перерабатывающая способность, что благоприятно повлияет на выполнение эксплуатационных показателей работы участков.

Так, согласно технологическому времени, маневровые работы, связанные с отцепкой, прицепкой вагонов в среднем занимают около 30 минут на длиннооставный поезд. – Для улучшения эксплуатационной работы необходимо и путевое развитие станции Мойынты. На сегодняшний день требуется установка съезда и заезда на 6-й путь в четной горловине станции без дополнительных маневров. Кроме того, необходимо удлинение вытяжного пути до 1 050 метров с целью формирования-расформирования прибывших поездов до 70 условных вагонов. Как известно, сегодня

